

**«Ақтан Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» КММ
2023 – 2024 оқу жылының оқу-тәрбие ісі бойынша атқарылған жылдық
есепі.**

2023 – 2024 оқу жылының мақсаты: білім алушылардың дамуының динамикалық мониторингі негізінде оқу-тәрбие процесін жетілдіру, жеке тұлғаның білім беру сапасын арттыру, әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін, шығармашылық қабілеттері мен мүдделерін, оқу мүмкіндіктері мен денсаулығын ескере отырып, қабілеттерін одан әрі дамыту және іске асыру үшін жағдай жасау.

2023 - 2024 оқу жылының міндеттері:

- ҚР «Білім туралы» заңын, МЖМБС іске асыру мақсатында білім алушылардың білім, дағды алу қажеттілігін қалыптастыру;
- өзін-өзі дамытуға бағдарланған, икемді, ақпараттық, зияткерлік ресурстарды пайдалануға қабілетті, функционалдық сауатты, ұлттық рухта тәрбиеленген тұлғаны қалыптастыру;
- жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламасының үрдістерін басшылыққа ала отырып, тіл бойынша бөле отырып, жаратылыстану-ғылыми пәндерді оқытуды кезең-кезеңмен енгізу;
- бастауыш, орта және жалпы білім берудегі білім мазмұнын жаңарту арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру, оқу-тәрбие үрдісінде оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасын дамыту, мектепшілік бақылауды күшейту;
- дарынды тұлғаны дамытумен қатар білімді түзетуді қажет ететін оқушылармен жұмысты ұйымдастыру, ғылыми жобалар конкурстарына, пәндік олимпиадаларға, түрлі танымдық конкурстарға қатысуды қамтамасыз ету;
- бастауыш, орта және жалпы білім беруді дамыту, мектепті жаңа технологиялар бойынша оқыту менеджменті және мониторинг жүйесін жетілдіру;
- ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім беру, өмірде қиындық көріп жүрген балаларға қолжетімді әлеуметтік қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;
- оқушылардың өзін-өзі басқару және өзін-өзі басқару жұмысын ұйымдастыру, оқушыларды қазақстандық патриотизмге, шыдамдылыққа, жоғары мәдениетке тәрбиелеу;
- педагогикалық құрамның сапасын арттыру және мамандықтың беделін арттыру;
- пән кабинеттерінің жүйелілігін қалыптастыру, білім беру мазмұнын жетілдіру мақсатында мектептің материалдық-техникалық базасын жақсарту;

2023 – 2024 оқу жылында әдістемелік жоспар тақырыбы:
«Мұғалімдердің сабақтарда ақпараттық – коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалануы»

Мақсаты:

Мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін, шығармашылығын жетілдіріп дамытуда тиісті әдістемелік көмек беру.

Әдістемелік жұмыстың негізгі міндеті:

- Әдістемелік апталықтар мен күндерді сапалы әзірлеп, өткізу және олардың мектеп басшылары мен мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдірудегі рөлін көтеру;
- Сабақтың барлық түрлерінің жоғары әдістемелік деңгейде отуін қамтамасыз ету;
- Білім беру технологияларын енгізу арқылы сабақтардың сапасын көтеру;
- Шығармашыл мұғалімдердің тәжірибесін жинақтау және тарату;
- Әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру, есебін жүргізу, құжаттарын реттеу;
- Әдістемелік және дидактикалық материалдар әзірлеу;

Мектептің әдістемелік жұмысы, мұғалімдердің әдістемелік бірлестіктерінде ұйымдастырылған және мектептің әдістемелік кеңесі арқылы басқарылады. Бұл жұмыс мектептің негізгі әдістемелік мәселесін іске асыруға бағытталған.

Мектепте 32 мұғалім 2023 – 2024 оқу жылын басталды.

Білімдері бойынша:

Магистр	Жоғары білімді	Арнаулы орта білімді
3	28	8

Санаттары бойынша:

Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	санаты жоқ
6	11	6	9

Пән бірлестігін жұмыс жасау бағыттары SWOT талдау жасағанда:

1-бөлім. Мектептің қызметін және білім беру қызметін көрсету сапасын бақылау.

1.1. Педагог қызметкерлерді аттестаттау және біліктілік талаптарын сақтау іс-әрекеті

SWOT талдау

«Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру

ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы мен Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрі 2024 жылғы 2 сәуірдегі №72 бұйрығы негізінде мұғалімдерді аттестаттау және мектепшілік сараптамалық топ жұмысы құжаттары дайындалды. 2023-2024 оқу жылында 21 педагог өтініштерін берді. Педагог-зерттеуші санаттарын растауға -5 педагог (С. Абдиқаримова, Б. Журқасва, Г. Сакснова, М. Байтуғанова, Б. Бейсембекова), педагог-сарапшы санаттарын растауға 8 педагог (А. Мектепбергенова, З. Жумбаева, А. Исатаева, М. Кульманов, С. Досмағамбетова, А. Тоташева, А. Уткельбаева, Е. Каукеев). Педагог-модератор санатына көтеруге 8 педагог (И. Сайлаубекова, Д. Қылышбаев, Е. Қылышбаев, К. Шамбеков, Г. Касенова, М. Ақылбеков, Р. Усеинова, А. Уралбекова). Педагог сарапшы санатына көтеруге М. Лөкетқызы өтінішін берді. Денешынықтыру пәні мұғалімі А. Мусин Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 бұйрығының 50- бөліміне сәйкес аттестаттаудан босатылды. (Б№ 04.12.2023)

2-бөлім. Оқу-тәрбие үдерісін нормативтік-құқықтық қамту, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету.

2.1. Біріңғай ақпараттық кеңістік құру арқылы білім жүйесін ақпараттаандыру

Мектептің сайт парағын толтыру және жаңарту жұмыстары жүргізілді. Кесте құрылып, әр әдістемелік бірлестік мұғалімдерінің жске электронды портфолиолары жасакталынды.

Мектеп мұғалімдерін интерактивті тақтамен әрдайым жұмыс барысында қолданылды. Онлайн курстарға, вебинарларға қатысуда ұстаздар арасында қолданыс тапты. Bilimland.kz платформасын толыққанды игерді. Жыл бойы мұғалімдер тұрақты ZOOM платформасын қолданды.

Ескертпе: алдағы 2024 – 2025 оқу жылында әр пән мұғалімі өзінің тәжірибесімен жеке ЮТУБ каналы арқылы шығармашылық жұмыстарын көрсету мақсатында жұмыс жүргізу.

**Аудандық, облыстық, республикалық педагогтардың
олимпиадаларының, байқауларының, жарыстарының, педокуларының
қорытындысы 2023 - 2024 ж. қыркүйек-мамыр аралығында**

№	мұғалімнің аты-жөні	пәні	қатысқан шараның аты	кезеңі	алған орны
1.	Айтмағамбетова	бастауыш	«Алтын сақа» «олимпиадасы»	Аудандық облыстық	I
			«Бастау» олимпиадасы	Аудандық	Грамота III
			«Абай оқулары»	Аудандық	III
2.	Ақылбеков М.А.	тарих	«Менің шағын отаным»	Аудандық	II
			«Мың бала»	Облыстық	Сертификат
3.	Ахметжанова Ү.Б.	математика	«Кенгуру»	Республикалық онлайн	II
4.	Ахметова Г.Ж.	бастауыш сынып	5 – 6 сынып оқушылары арасындағы пән олимпиадасы	мектепшілік	I, II орын
5.	Байтуғанова М.М.	бастауыш сынып / география	7-8 сыныптар арасындағы жалпы пәндер олимпиадасы	Облыстық	сертификат
			Ауыл мектептерінің оқушыларының олимпиадасы	Облыстық	сертификат
6.	Бейсембекова Б.Н.	математика	«Алтын сақа» «олимпиадасы»	Аудандық	I, II орын
			«Алтын сақа» «олимпиадасы»	Облыстық	Сертификат
7.	Диханбаева С.А.	орыс тілі	7-8 сынып оқушылары арасында пәндік олимпиада	Аудандық Облыстық	II орын сертификат
8.	Жумбаева З.А.	бастауыш сынып	«Ақбота»	Республикалық онлайн	II
9.	Журкаева Б.А.	математика	«Кенгуру»	Республикалық онлайн	Сертификат
10.	Ермұрат Е.	ағылшын	9-11 сынып оқушылары арасында пәндік	аудандық	I орын

			олимпиада		
11.	Исатаева А.А.	бастауыш сынып	«Ақбота»	Республикалық онлайн	I
12.	Каукеев Е.А.	д/ш			
13.	Касенова Г.Ж.	биология	6-7 сынып оқушылары арасында пәндік олимпиада	Аудандық	I
			«IQANAT»	Республикалық	Сертификат
14.	Кульманов М.К.	информатика			
15.	Қылышбаев Д.Е.	технология	Қол өнер байқауы	облыстық	I орын
16.	Қылышбаев Е.Е.	д/ш	Футбол	аудандық	III орын
17.	Ләкетқызы М.	химия	7-8 сынып оқушылары арасында пәндік олимпиада	аудандық	I орын
			Ауыл мектептерінің оқушыларының олимпиадасы	Облыстық	Сертификат
18.	Мектепбергенова А.М.	мектепке дейінгі білім			
19.	Мусин А.Н.	д/ш			
20.	Омарова О.Т.	бастауыш сынып			
21.	Рахимжанова А.Ш.	мектепке дейінгі білім			
22.	Рахмангулов С.С.	АОД	«Жігер»	Облыстық	Сертификат
23.	Рысбасва М.У.	информатика			
24.	Рыснаева Н.М.	бастауыш сынып			
25.	Сайлаубекова И.К.	қазақ тілі	«Абай оқулары» қашықтық конкурсы	республикалық	Бас жүлде. 6 - II орын
26.	Сакенова Г.С.	физика	9-11 сынып оқушылары арасында пәндік	Аудандық	II орын

			олимпиада 11 сынып оқушылары арасындағы президенттік олимпиада	облыстық	сертификат
27.	Тотанева А.Ж.	қазақ тілі	«Абай оқулары» байқауы «Ілияс оқулары» байқауы 9-11 сынып оқушылары арасында пәндік олимпиада	Аудандық Облыстық аудандық	номинация сертификат III орын
28.	Усеинова Р.К.	мектепке дейінгі білім			
29.	Уткельбаева А.М.	қазақ тілі	«Абай оқулары» байқауы	аудандық	номинация
30.	Шамбеков Қ.С.	д/п	«Үстел теннисі» жарыс	аудандық	

3. Ғылыми-әдістемелік жұмыс

Негізгі жұмыс бағыты және ұйымдастыру

Жаңа инновациялық технологиялар мектептің жаңаша түрде жұмыс істеуіне қажетті жағдай тудыратын бір бөлігі болғандықтан қашықтықтан аудандық, облыстық, республикалық байқауларға мұғалімдер қатыстырылды. Мектептің әдістемелік жұмысын басқарудың жағдайын жақсарту мақсатында мектеп директорының бұйрығына сәйкес мектепте төменгі құрамда әдістемелік кеңес құрылды:

1. Уткельбаева А.М – гуманитарлық пәндер әдістемелік бірлестігінің жетекшісі;
2. Журкаева Б.А. – математика - жаратылыстану пәндер әдістемелік бірлестігінің жетекшісі;
3. Жумбаева З.А. – бастауыш сынып әдістемелік бірлестігінің жетекшісі;
4. Журкаева А.Н. - эстетикалық пәндер әдістемелік бірлестігінің жетекшісі;

Оқу жылының басында кеңестің жұмыс жоспары жасалынды. Әдістемелік отырыста пән апталығы, пәндік олимпиада материалдарын дайындау, озық іс-тәжірибе жұмыстарымен танысу, ашық сабақтардың жоспары, педоқулары тақырыбы, аттестация, курстары жайында және басқа да атқарылатын жұмыстар туралы қаралып, есеп берілді. Мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін және оқушылардың өнерін, дарынын көрсететін жұмыстың түріне пән апталықтарын өткізу жатты. Декадалар келесі ретте ұйымдастырылып өткізілді:

1. Бастауыш сынып ӘБ - 12-23.02.24ж. аралығында;
2. Гуманитарлық әндер ӘБ – 01.04-05.04.2024ж аралығында;
3. Математика – жаратылыстану ӘБ – 15.04-19.04.2024ж аралығында;
4. Эстетикалық пәндер ӘБ – 08.04.2024ж. аралығында;

Әр бірлестіктің декада кезінде атқарылған жұмысы, лайындығы, ашылу және жабылу салтанаты, оқушылар мен бірге педагогикалық ұжым арасында ұйымдастырған іс-шаралары жоғары деңгейде өтті. Әр бірлестіктің декадасы отіп жатқандығы мектеп ішінде сезілді, олар бежндіру жұмыстары мен күнделікті сабақтары және іс-шаралар фото – бейне есептерімен топпен ұйымдасқан жұмыс екендігін көрс алдық. Бірлестік жетекшілері 2023 – 2024 оқу жылындағы декаданы ерекше түрде ұйымдастыра білді. Декада кезінде бірлестік ұстаздары мектептің әдістемелік тақырыбын пайдалана отырып ашық сабақ көрсету басты мақсат болып табылды, алайда Эстетикалық пәндер ӘБ-і ұстаздары ұлттық құндылыққа негізделген сабақтарды көрсетті.

Пән мұғалімдерімен - жұмыс

2023 -2024 оқу жылында аудандық биология және химия семинары, мектепшілік «Үздік педагог- 2024 »байқауы, 5 – 6 сынып оқушылары арасында аудандық пән олимпиадасы, түлектерге бағыт бағдар беру бойынша бірталай іс-шаралар өтті.

Аудандық семинарларға қатысып, ашық сабақ, шебер сынып берген ұстаздар:

№	Қатысушы ұстаздың аты-жөні	Түрі
1.	Байтуғанова М.М.	Шебер сынып – география пәндері бойынша – аудандық семинар - сертификат
2.	Ләкетқызы М.	Ашық сабақ – химия пән бойынша – аудандық семинар - сертификат
3.	Касенова Г.Ж.	Ашық сабақ – биология пәні бойынша – аудандық семинар - сертификат
4.	Журкаева Б.А.	Ашық сабақ математика пәні бойынша – аудандық семинар - сертификат

5.	Сакенова Г.С.	Ашық сабақ физика пән бойынша – аудандық семинар - сертификат
6.	Жумбаева З.А.	Ашық сабақ бастауыш сынып бойынша – аудандық семинар - сертификат

Үстаздарымыз 2023 – 2024 оқу жылында өткен облыстық педшығармалар вебинарларына өз пәндері бойынша кестеге сай қатысып отырды.

1. Біліктілікті көтеру және педагогикалық шеберлік.

Мұғалімдердің біліктілігін арттыру мақсатында біліктілік арттыру курстарынан оқыту жалғасуда. Шығармашылықпен, озық педагогикалық тәжірибесі бар мұғалімдермен байланыс жасауда мектепшілік коучинг жұмыстарыда жүрізілді.

№	Мұғалімнің аты-жөні	Курстан өткен жылы
1	Абдиқаримова С.Т.	2024
2	Айтмағамбетова Ғ.М.	2021
3	Абдрахманова Г.Б.	2023
4	Айқпшева С.Б.	2019
5	Ақылбеков М.А.	2020
6	Ахметжанова Ү.Б.	2022
7	Ахметова Г.Ж.	2024
8	Байтуғанова М.М.	2024
9	Бейсембекова Б.Н.	2022
10	Диханбаева С.А.	2020
11	Досмағамбетова С.А.	2019
12	Жумбаева З.А.	2021
13	Журқасва Б.А.	2023
14	Исатаева А.А.	2021
15	Каукеев Ғ.А.	2022
16	Касенова Г.Ж.	2022
17	Кульманов М.К.	2023
18	Қылышбаев Д.Е.	2020
19	Қылышбаев Е.Е.	2022
20	Локетқызы М.	2022
21	Мектепбергенова А.М.	2022
22	Мусин А.Н.	2022
23	Омарова О.Г.	2022

24	Рахимжанова А.Ш.	2019
25	Рахмангулов С.С.	2022
26	Рысбаева М.У.	2020
27	Сайлаубекова И.К.	2022
28	Сакенова Г.С.	2020
29	Тоташева А.Ж.	2022
30	Усеинова Р.К.	2022
31	Уткельбаева А.М.	2022
32	Уралбекова А.Р.	2023
33	Шамбеков К.С.	2022

Ресурстық орталық жұмысы:

2023 – 2024 оқу жылындағы ресурстық орталық тірек мектебі шағын жинақтық магниттік мектеп оқушыларының білім сапасын көтеру мақсатында төмендегі мерзім бойынша сессия жұмыстарын ұйымдастырып жүргізді.

I сессия – 13-24.11.2023ж. аралығында;

II сессия – 05-16.02.2024ж. аралығында;

III сессия – 08-19.04.2024ж. аралығында

Ұялы НМ, Майшүкүр НМ магниттік мектептерінен оқу жылы 7 сынып оқушылары – 12 оқушы қатысып аяқтады. Ресурстық орталықтың сессияларының оқу-тәрбие жоспарлары, сабақ кестесі құрылып, оқушылар жалпы тірек мектебінің сыныбынан жеке оқытылды. Әр сессия жұмысын мектеп әкімшілігі мен сабақ беретін пән мұғалімдері қызықты әрі пайдалы етіп өткізуде зор үлестерін қосты. Ресурстық орталықтың әр сабағы оқушылар пайдалы әрі мәліметті болды. Сессия басында және аяғында қатысушы оқушылар кіріс және шығыс бақылау жұмыстарын орындады. Сонымен қатар ресурстық орталықтың оқушыларымен мектеп психологі, аға тәлімгер жеке жұмыстарын ұйымдастырып жүргізді. Әр сессия соңында барлық ресурстық орталықта оқушылармен жұмыс жүргізген педагог мәтіндік есебін тапсырды.

2023-2024 оқу жылында 8- сынып оқушылары Мұхтар Мұрагер мен Аманбай Гүлдана Республикалық « IQANAT » ауыл балаларына арналған олимпиадасының РЕСПУБЛИКАЛЫҚ кезеңіне қатысып келіп қатысушы сертификатына ғана ие болмай, сонымен қатар Аманбай Гүлдана Бурабайдағы мектепке жарыялай ГРАНТ иегері атанды.

«Мың бала» 6- сынып оқушыларына арналған олимпиаданың Республикалық кезеңіне Жанболатов Қуаныш, Марат Ақбота, Галымжан Ұлжан қатысып, сертификаттарға ие болды.

2023-2024 оқу жылында оқу -тәрбие жұмысы құрылған жоспар бойынша өткізілді.